

УДК: 657.1.075.8

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚЫМЫЗ ӨНДІРІСІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМ ӨНДІРІСІНІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІ

Мұқыр Ләззат Әбдірашитқызы

[mukyrlazzat1@mail.ru](mailto:mukyrlazzat1@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, «Есеп және аудит» мамандығының

3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Казақстан

Фылыми жетекші – С. Рейдолда

Қазақстан өзінің ерекше табиғи жағдайлары мен жергілікті халықтың еңбек дағдыларына ие ірі мал шаруашылығы аудандарының бірі болып саналады. Мал шаруашылығы Қазақстанның негізгі стратегиялық экономикалық міндеттерінің бірі және ауыл халқының жұмыспен қамтылуының, тамақтануы мен кірісінің негізгі көзі болып қала береді. Республиканың мал шаруашылығының маңызды салалары қой шаруашылығы мен мал шаруашылығы, сондай-ақ шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы, жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығы дамыған.

Әлемдегі миллиардқа жуық адам жұмыс істейтін әлемдік ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 40% мал шаруашылығына тиесілі. Мал шаруашылығы-ауыл шаруашылығының ең серпінді салаларының бірі. Соңғы онжылдықтар ішінде сала тез дамыды және де халық санының артуы, әл-ауқатының артуы және урбанизация салдарынан мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс белсенді түрде өсе береді деп күтілуде [1].

Мақаланың негізгі мақсаты жоғары әлеуметтік маңызы бар, белгілі бір тұтыну деңгейі бар, ұлт деңсаулығын сақтау үшін қажетті сұтті, оның ішінде қымызды тұтыну нарығын талдау және сүт саласын Қазақстан Республикасында қабылданған тұтынудың физиологиялық нормалары деңгейіне дейін жетілдіру жолдарын ұсыну болып табылады.

Қазақстанның мал шаруашылығы барлық ауыл шаруашылығы өнімінің 43% - ын алады. Республикада 29,28 млн. жуық ірі қара мал бар. 2019 жылғы 14 қантардағы жағдай бойынша жалпы республика бойынша: ірі қара мал - 7137,9 мың бас немесе 24,37%; қой – 18677,9 мың бас немесе 63,77%; жылқы - 2623,7 мың бас немесе 8,95%; құс – 44,5 мың бас

немесе 0,15%, шошқа – 802,7 мың бас немесе 2,74%. Қазақстанда сүт және сүт өнімдері нарығының сыйымдылығы 47 млрд.тенге сомасына жылына 175 мың тонна өнімді құрайды. Бұл ретте жалпы массадағы импорт көлемі өнімнің түріне байланысты 40% - дан 80% - ға дейін алады [2].

Сүт өнімдері әлеуметтік маңызы жоғары өнімдерге жатады, оларды тұтынудың белгілі бір деңгейі ұлт денсаулығын сақтау үшін қажет. Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің төлемге қабілетті сұранысын ынталандырудың мақсаты – олар үшін өткізу нарығын кеңейту. Сүтке сұранысты ынталандыру бағаны төмендету жолымен немесе жанама ынталандыру әдістерімен тұтынушыға тікелей әсер ету арқылы мүмкін болады, атап айтқанда: балалар мекемелерінің сүт өнімдерін сатып алуына арналған субсидиялар, сүт өнімдерінің және т. б. пайдаларына арналған жарнамалық компаниялар [3].

Откізу нарығын кеңейту үшін азық-түлік экспортын ынталандыру пайдаланылады, оған экспортты субсидиялау немесе белгілі бір тауарларды жеткізу туралы мемлекетаралық келісімдер жасасу жолымен қол жеткізілуі мүмкін.

Баға мен сапа бір-бірімен тығыз байланысты өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторлары болып табылады. Дамыған елдердегі бағаны реттеу мәселелеріне өте көп көңіл бөлінеді. Эрине, дамыған елдерде баға саясатына мемлекеттің араласуы фермаларға қуатты қолдау көрсетуіне байланысты ақталғанына, фермерлердің бағасын қолдау бағдарламалары бар екеніне алаңдаушылық білдіруі мүмкін. Бірақ, мемлекеттік араласудан сүт фермалары сапалы бәсекеге қабілетті өнім өндіретін жоғары мәдениет кәсіпорындары болуы мүмкін.

Сапалы сүт мәселесі мемлекеттік маңызды міндет болуы тиіс, себебі бактериямен ластанған сүт халықтың денсаулығына қауіп төндіреді. Бұдан басқа, пәрменді мемлекеттік шаралар (ең алдымен, сапалы сүт шығаруды ынталандыратын сүт сапасына үстеме және женілдіктер жүйесі) сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оларды экспорттауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сүт секторының ресми емес саладан тез шығу проблемасы принципті, мемлекеттік реттеу мен қолдауды күшету кезінде шешілүі тиіс.

Тұстай алғанда, азық – тұлік нарығын мемлекеттік реттеудің мақсаты-бұл тиімді, экономикалық рентабельді азық-түлікті өндіру және тұтынушыларды төлемге қабілетті сұраныс деңгейіне сәйкес келетін бағалар бойынша сапалы өнімдермен жабдықтау үшін қолайлы жағдайлар жасау, яғни сұраныс пен ұсыныстың тенгерімін, өндірушілер мен тұтынушылар мұдделерінің тенгерімін қамтамасыз ету. Бұл ретте аграрлық нарықты реттеу саясаты ең алдымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауда, яғни нарықтың барлық қатысушылары: ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, қайта өндеушілер, шикізат пен дайын өнімді импорттаушылар, көтерме саудагерлер үшін экономикалық төптендікті қамтамасыз етуде болуға тиіс [3].

Реттеу шаралары: төлем қабілеті бар сұранысты ынталандыру, азық-түлік экспорты үшін қолайлы жағдайлар жасау, сатылатын азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау, нарықтағы отандық азық-түлік үлесін арттыру, маусымдық ауытқуларды тегістеу.

Сүт өнімдері әлеуметтік маңызы жоғары өнімдерге жатады, оларды тұтынудың белгілі бір деңгейі ұлт денсаулығын сақтау үшін қажет. Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің төлемге қабілетті сұранысын ынталандырудың мақсаты – олар үшін өткізу нарығын кеңейту. Сүтке сұранысты ынталандыру бағаны төмендету жолымен немесе жанама ынталандыру әдістерімен тұтынушыға тікелей әсер ету арқылы мүмкін болады, атап айтқанда: балалар мекемелерінің сүт өнімдерін сатып алуына арналған субсидиялар, сүт өнімдерінің және т. б. пайдаларына арналған жарнамалық компаниялар.

Откізу нарығын кеңейту үшін азық-түлік экспорттын ынталандыру пайдаланылады, оған экспортты субсидиялау немесе белгілі бір тауарларды жеткізу туралы мемлекетаралық келісімдер жасасу жолымен қол жеткізілуі мүмкін.

Ұлттық тағам - ұлы тағам. Ата - бабаларымыздан мұра болып қалған осындағы ұлттық тағамдарымыз берілген сүсіндарымыз қазіргі уақытта өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Осы сүсіндардың бірі - киелі жылқының сүті қымыз.

Зерттеушілер қымыздың екі түрін айқындаған, олар бұрынғы кезде: қысқы және жазғы қымыз деп бөлгөн.

Құрамында А, В1, В2, В12, Д, Е, С витаминдері бар қымыз адамдар бойындағы туберкулез, гастрит, холецистит, энтерит пен энтероколиттің асқынған түрлерін, дисбактериоз, тоқ ішек пен асқазандағы жараны емдеуге, жүрек қан тамырлары, жүйке және ас қорыту жүйесі, қан айналысы т.б. жағымды әсер етеді [4].

Сүттегі ең бағалы зат – ақуыз. Бие сүтінде ол 1,8 – 2,2 % болады. Сүтте ақуыздың үш түрі – казеин, альбумин және глобулин болады. Сиыр сүтіндегі ақуыздардың ең көбі казеин. Ол барлық ақуыздық заттардың 80% алады, ал қалған 20% альбумин мен глобулиннің үлесіне тиеді. Бие сүтінде 40% еритін ақуыздар (альбумин, глобумин және бос амин қышқылдары) бар. Сондықтан сиыр сүтін казеинді сүтке жатқызады, ал бие сүтін альбуминді деп аталады. Бие сүтінің казеині 3-4 жеке ақуыздарға жіктеледі, оларды казеиннің альфа, бета, гамма және кейде каппа-фракциялары деп атайды. Бие сүтінің жалпы ақуызындағы амин қышқылдарының мөлшері жөніндегі айырмашылықтар үшінші және он үшінші тәуліктегі және құлышындағаннан кейін үшінші күні сауылған сүтте анық байқалады. Бұған көз жеткізу үшін ауыстыруға болмайтын амин қышқылдары қалай өзгеретіндігін бақылау керек. Үшінші тәуліктегі сауылған сүттің жалпы ақуызында: лизин – 9,3%, ал 13 тәуліктегіде – 6,7%, осыған сәйкес гистидин – 2,9%, глутамин қышқылы – 1,8, треонин – 12,0, триозин – 8,0%, валин – 5%, метионин – 4,3%, аргинин – 6,2% және 6,1 болады. Бие сүтінде шамамен 1,3 – 2,0% май бар, бұл сиыр сүтіндегіден 2 еседен астам кем [5]. Жүргізілген зерттеулерде, сиыр сүтіндегі май түйіршіктеріне қарағанда, бие сүтіндегі май түйіршіктері кішілеу келетіндегі анықталған. Сол себепті бие сүтінің майы организмге тез гидролизденеді және жақсы сінеді. Бие сүтінің майының бір өте тамаша қасиеті бар П.Ю. Берлиннің деректерінде туберкулез бактериясының сары майда өсіп-көбейетіндігі, ал бие сүтінің майы керісінше, оның өсуін тежейтіндігі айтылады. Бие сүтіндегі көмірсулар негізінен лактозаның дисахариді немесе сүт қантты түрінде кездеседі. Сүт қантты екі моносахаридтен – глюкоза мен голактозадан тұрады. Бие сүтінде 6,7% лактоза бар. Сонымен қатар қанттан басқа, қалпына келмейтін көмірсулар бар. Сүттің тағамдылық құндылығы онда белоктардың, майдың және көмірсулардың ғана емес, сондай-ақ адам үшін маңызы бар витаминдердің де болуына байланысты. Бие сүтінде адамның денсаулығына керекті барлық витаминдер бар. Әсіресе ол А және С витаминдеріне бай. Сонымен қатар В тобындағы витаминдер, Д, Е, F витаминдері болады.

Қымыз ашытқанда кейбір витаминдердің мөлшері өзгереді: биотин, тиамин, В12 витаминің мөлшері кеміді; рибофлавин, фоли қышқылы сол күйінде қалады; пантотен қышқылы артады. Қымызда мынандай минералдық заттар бар: кальций тотығы - 48%, магний тотығы – 3,4%, фосфордың бес тотығы – 21,3%, хлор – 7,5%. Қан құрауда маңызды роль атқаратын кобальт пен мыс сияқты элементтер сиыр сүтінен гөрі бие сүтінде едәуір көп: кобальт онда 1,5 есе, ал мыс 3,2 есе артық.. Бір литр қымызда 1,60 мг мыс болады. Құрамындағы микроэлементтерінің мөлшері жөнінен бие сүті ана сүтіне жуықтау, бұл жөнінде Донецк медицина институтының ғылыми қызметкери Е.П.Гребникованың және басқаларының деректері дәлел бола алады [5].Оның емдік қасиеттері, әсіресе құрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Оның адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы құрсесетін артықшылығын да айта кеткен жөн. Қаржылық есептіліктің 1-ші Ұлттық стандарты және Қаржылық есептіліктің 41-ші «Ауыл шаруашылығы» халықаралық стандартына сәйкес биологиялық активтер дегеніміз ұйымның меншігіндегі малдар мен өсімдіктер. Сондықтан, өсімдегі және бордақылаудағы малдардың есеп объектісі болып: төл, тірі салмақ және тірі салмақ өсімі, ересек мал топтарына және негізгі табынға ауыстырылған төлдер; негізгі табыннан шығарылып бордақылауға қойылған негізгі табын.

Дайын өнім – негізгі және қосалқы цехтарының сатуға арналған өнімі. Дайын німнің өндірісте жасалғаны, оның біртұтастығы стандартпен немесе технологиялық шарттарға сәйкестігі технологиялық бақылау қызметінен өткендігін паспорты сертификаты және

басқадай құжаттармен куәландырылғаны қоймаға тапсырылған тапсырыс берушілердің қабылдаш және басқа жайлады міндетті түрде актімен рәсімделеді.

Дайын өнімді есептеу үшін (1320) Дайын өнімдеп аталған активті инвесторлық шот пайдаланылады. Дайын өнім кәсіпорынның айналым қарражатының құрамына кіреді және ол қаржылық есеп беруде нақты өзіндік құны бойынша көрініс табады. Дайын өімнің нақты өз құны есептік кезең аяқталғаннан кейін ғана анықталады. Ағымдағы есептік кезеңде өнім тұрақты түрде қозғалыста болады, сондықтан өнім ағымдағы есептік бағасы бойынша шартты түрде бағаланады, ол үшін дайын өнімнің өткен айдағы нақты өз құны тіркелген бағасы пайдануы мүмкін. Есептік кезеңнің соында ауытқудың пайызы мен сомасын есептеу жолымен шығарылып оның есептік бағасын нақты өзіндік құнына дейін жеткізеді. Ауытқудың пайызы мен сомасы ай ішінде түскен және ай басындағы өнімнің қалдығына есептелінеді. Ауытқу кәсіпорынның экономикасын немесе артық шотында есептелінеді. Экономикасы қызыл жазумен, ал артық жұмсалған әдетке жазумен жазылады. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және шығынды есепке алудың халық аралық практикада қолданылатын әдістері. Кәсіпорынның басқарушы есебі есептің бір бөлігі ретінде, жеткізумен, тартумен болып жүргізіледі. Басқарушы есебі салаға сала ішіндегі салаға қызмет түрлеріне өнімнің жұмыстармен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын есептеп шығарудың жүйелі әдістерін талдап, енгізуді көздейді. Стандарт-кост жүйесі бойынша өндіріске кеткен шығындарды есепке алудың әдісі есептің басқа жүйесінен дербес оқшауланған болып табылады. Стандарт-кост жүйесінің негізгі ерекшелігі мынадай: өндіріске жұмсалынатын барлық шығындар өндірісте жұмсалмай тұрып есептелінеді. Шығындар стандарт есептеу үшін натуралдық және құндық көрсеткіштер пайдалынады. Стандарт кост жүйесі өндіріс шығындарын жедел бақылап отыруды басты құралы болып табылады. Директ костинг жүйесін пайдалану өндіріс шығындарын есепке алу. Соңғы жылдары индустріалды дамығын елдердің өнеркәсібінде директ-костинг деп аталатын өндіріске кеткен шығындарды есепке алу жүйесі кең тараған. Директ-костинг жүйесін пайдалану белгілі қыындықтар туғызады. Үстеме шығыстары ауыспалы және тұрақты шығыска және баға қалыптастыру үшін өнімнің толық өзіндік құнын ешбір жүйесіз белгілеуге тура келеді. Дайын өнімді бағалау және оның номенклатурасы. Есепті кезең аяқталған соң дайын өнімнің нақты өзіндік есептен шығаруға болады. Өнімнің қозғалысы құнделікті жүріп тұрғандықтан ағымдағы есепті жүргізу үшін өнімнің шартты бағасын анықтау қажет. Дайын өнімнің ағымдағы есебі жоспардағы өзіндік құн мен немесе есептеу сағасы деп аталатын ұйымның келісімді бағасы бойынша есептелінеді.

.Қорытынды зерттеу нәтижелері сұт саласын және қымыз өндірісін дамыту жолдарын жетілдіру бойынша мынандай ұсыныстар жасауға болады: шетелдік технология негізінде қымызды сақтау мерзімін ұзарту үшін таблетка түрінде өндіру ұсынылады. Қорыта келгенде мақаланың құндылығы сұт саласын дамыту жолдарын, оның ішінде қымыз өндірісін Қазақстан Республикасында қабылданған тұтынудың физиологиялық нормалары деңгейіне жеткенге дейін жетілдіру бойынша нақты мынандай ұсыныстар жасауға болады: жылқы шаруашылығын дамытуға салықтық женілдіктер жасау; субсидиялар беру; инвестиция тарту.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК[Электрон.ресурс]. –: [http://stat.gov.kz/faces/homePage\\_afrLoop=33794961517868990](http://stat.gov.kz/faces/homePage_afrLoop=33794961517868990) (дата обращения: 25.02.2019)
2. Материалы Молочного союза Казахстана [Электрон. ресурс]. – URL: <https://kapital.kz/info/molochnyj-soyuz-kazahstana> (дата обращения: 02.2019)
3. Актуальные проблемы технологии переработки молока. Сборник научных трудов с международным участием. – № 12. – Барнаул.: Азбука, 2015. – 18 с.
4. З.С.Сейітов «Күмыс шубат» Алматы, 2005-288 с
5. Қымыз бен шұбатты – халықаралық нарыққа // Түркістан газеті, 30 сәуір 2009